**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 515 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 қыркүйекте № 36894 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтарды мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтарды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2, 3, 4-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Әділет министрі* *Е. Сарсембаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Бұйрығымен бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 11-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 23-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 31-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 58 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20740 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидасында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға экстерриториалдық қағидат бойынша апостиль қояды.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері өзінің аумақтық бірлігіне сәйкес құжаттарға қол қою құқығы берілген лауазымды адамдардың қол қою үлгілерін (бұдан әрі - қол қою үлгісі) және құжатты берген органның мөр бедерін (бұдан әрі - мөр бедері) лауазымды адамдардың тағайындалуына және орган мөрінің өзгеруіне қарай "Е-Апостиль" ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Әділет министрлігі "Е-Апостиль" ақпараттық жүйесіне мемлекеттік органдардан келіп түсетін қол қоюдың және мөрлер бедерлерінің үлгілерін енгізеді.";

көрсетілген Қағидаға 1-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20774 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Нотариаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 62 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20775 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау жүргізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке практикамен айналысатын нотариустан немесе мемлекеттік нотариустан тағылымдамадан сәтті өткен нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен әділет департаменттері жанында құрылатын Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғаларға аттестаттау жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тұрғылықты жері бойынша жолдайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтерді тізбесін және мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ

мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе портал арқылы жіберіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті алушының аттестаттауға жіберу туралы құжаттарын Комиссия 11 (он бір) жұмыс күні ішінде қарайды. Қарау қорытындысы бойынша Комиссия Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша үміткерді аттестаттауға жіберу немесе жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлға өтініш берген кезде аттестаттау өткізілетін тілді (қазақ немесе орыс) айқындайды.

Егер, көрсетілетін қызметті алушы "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша комиссия үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.";

1-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) лицензияны алуға немесе қайта ресімдеуге www.adilet.gov.kz www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш"қағидаты бойынша көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген жағдайда жүзеге асырылады."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен көрсетілу нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

1-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы<br>Әділет министрі<br>2025 жылғы 19 қыркүйектегі<br>№ 515 Тізбеге 1-қосымша<br>Қазақстан Республикасы<br>Әділет министрінің<br>2015 жылғы 10 қаңтардағы<br>№ 9 бұйрығына 3-қосымша<br>Электрондық нысан

**_____ жылғы "____" _______№ ________ Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасы**

Неке бұзушылар туралы мәліметтер

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ері | | Зайыбы | | |

1. Неке (ерлі-зайыптылық)бұзылғанға дейінгі тегі _________ ____________
2. Неке (ерлі-зайыптылық)бұзылғанға кейінгі тегі _________ ____________

3. Аты _______________________ _____________________ ____________

4. Әкесінің аты (егер бар болса) _______________ _________________________

5. Туған күні "__" _________ жыл "___" ___________ жыл

Туған жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы |

6. Жасы _______________________ _________________________________

7. Азаматтығы ________________ ___________________________________

8. Ұлты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)

_______________________________ ________________________________

9. Тұрғылықты жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

10. Заңды мекенжайы:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

11 Білімі _______________________ _______________________________

12.Табыс көзі немесе жұмыс орны ___________________________ _______

13. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының неке (ерлі-зайыптылық) саны туралы мәліметтер __________________ ________________________

14. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акті жазбасының жасалған күні, нөмірі _________ жылы ______________ "____" № __________________

15. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді жүргізген тіркеуші органның, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы,

__________________________________________

16. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға негіз болып табылатын құжат:

1) ерлі-зайыптылардың бірлесіп берген ____жыл "__" _______ № ______ өтініші;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқығы бар ерлі-зайыптылардың бірінің

белгіленген тәртіппен берген _______ жыл "__" _______ № __________ өтініші;

3) _________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)_______________ ауданы (қаласы)_____________ сотының заңды күшіне енген ____ жыл "__" ____ ____ жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы шешімі;

4) _____облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)_______ ауданы (қаласы)_____ сотының заңды күшіне енген __ жыл "__" ___ __________ жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;

5) ______________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)______________ ауданы (қаласы) сотының ____ жыл "__" _______ қылмыс жасағаны үшін жұбайының кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімі;

6) сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң, қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысын.

17. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні _____ жыл "__" _____

18. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректемелері:

№ __________________________ № ______________________________

берілген күні ____ жыл "__" _____ ____ жыл "__" ____

берген мекеме _________________ ______________________________

19. Өтініш беруші туралы мәліметтер: _______________________________

20. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі

№ ___________________________ № _______________________________

21. Белгілер үшін ___________________________________________________

Тіркеуші органның бастығы, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің лауазымды адамы.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 10 қаңтардағы
№ 9 бұйрығына 11-қосымша
Электрондық нысан

**_____ жылғы "____" _______№ ________ Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы қалпына келтірілген акт жазбасы**

Неке бұзушылар туралы мәліметтер

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ері | | Зайыбы | | |

1. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейінгі тегі _________ ____________

2. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға кейінгі тегі _________ ____________

3. Аты ________________________ ______________________ ____________

4. Әкесінің аты (егер бар болса) _______________ __________________________

5. Туған күні "__" _________ жыл "___" ___________ жыл

Туған жері:

| | |
|---|---|
| ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы | ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы |

6. Жасы ________________________ __________________________________

7. Азаматтығы _________________ ____________________________________

8. Ұлты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)

________________________________ _________________________________

9. Тұрғылықты жері:

| | |
|---|---|
| ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

10. Заңды мекенжайы:

| | |
|---|---|
| ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ___________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

11 Білімі ________________________ ________________________________

12.Табыс көзі немесе жұмыс орны ____________________________ _______

13. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының неке (ерлі-зайыптылық) саны туралы мәліметтер __________________ ________________________

14. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акті жазбасының жасалған күні, нөмірі ________ жылы _______________ "____" № __________________

15. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді жүргізген тіркеуші органның, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы,

___________________________________________

16. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға негіз болып табылатын құжат:

1) ерлі-зайыптылардың бірлесіп берген ____жыл "__" _______ № ______ өтініші;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқығы бар ерлі-зайыптылардың бірінің

белгіленген тәртіппен берген _______ жыл "__" _______ № __________ өтініші;

3) _________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)__________ ауданы (қаласы)_________ сотының заңды күшіне енген __ жыл "__" _______ __________ жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы шешімі;

4) _____облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)_______ ауданы (қаласы)___________ сотының заңды күшіне енген ____ жыл "__" _______ ________ жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;

5) ______________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)______________ ауданы (қаласы) сотының ____ жыл "__" _______ қылмыс жасағаны үшін жұбайының кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімі;

6) сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң, қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысы.

17. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні _____ жыл "__" _____

18. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректемелері:

№ __________________________ № ______________________________

берілген күні ____ жыл "__" _____ ____ жыл "__" ____

берген мекеме _________________ ______________________________

19. Өтініш беруші туралы мәліметтер: _______________________________

20. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі

№ ___________________________ № _______________________________

21. Неке қию туралы акт жазбасының бастапқы мемлекеттік тіркелген нөмір және күні__________________________________________________________

22. Неке (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасын қалпына келтіру үшін негіздеме__________________________________________________________

23. Белгілер үшін ___________________________________________________

Тіркеуші органның бастығы.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 10 қаңтардағы
№ 9 бұйрығына 23-қосымша
Қағаз нысан

**_____ жылғы "____" _______№ ________ Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасы**

Неке бұзушылар туралы мәліметтер

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ері | | Зайыбы | | |

1. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейінгі тегі _________ ____________
2. Неке (ерлі-зайыптылық)бұзылғанға кейінгі тегі _________ ____________
3. Аты _______________________ _____________________ ____________
4. Әкесінің аты (егер бар болса) ______________ _________________________
5. Туған күні "__" _________ жыл "___" ___________ жыл

Туған жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы |

6. Жасы _______________________ _________________________________
7. Азаматтығы ________________ ___________________________________
8. Ұлты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)

_______________________________ ________________________________

9. Тұрғылықты жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

10. Заңды мекенжайы:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

11 Білімі _______________________ _______________________________

12.Табыс көзі немесе жұмыс орны ___________________________ _______

13. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының неке (ерлі-зайыптылық) саны туралы мәліметтер __________________ ________________________

14. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акті жазбасының жасалған күні, нөмірі _________ жылы ______________ "____" № __________________

15. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді жүргізген тіркеуші органның, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы,

_________________________________________

16. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға негіз болып табылатын құжат:

1) ерлі-зайыптылардың бірлесіп берген ____жыл "__" _______ № ______ өтініші;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқығы бар ерлі-зайыптылардың бірінің белгіленген тәртіппен берген _______ жыл "__" _______ № __________ өтініші;

3) _________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)________ ауданы (қаласы)_______ сотының заңды күшіне енген __ жыл "__" _______ __________ жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы шешімі;

4) _____облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)_______ ауданы (қаласы)___________ сотының заңды күшіне енген ____ жыл "__" _____ _______ жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;

5) ________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала) _________ ауданы (қаласы) сотының ____ жыл "__" _____ қылмыс жасағаны үшін жұбайының кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімі;

6) сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң, қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысы.

17. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні _____ жыл "__" _____

18. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректемелері:

№ __________________________ № ______________________________

берілген күні ____ жыл "__" _____ ____ жыл "__" ____

берген мекеме _________________ ______________________________

19. Өтініш беруші туралы мәліметтер: _______________________________

20. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі

№ ___________________________ № _______________________________

21. Белгілер үшін ___________________________________________________

М.О. Тіркеуші органның бастығы, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің лауазымды адамы.

Қазақстан Республикасы<br>Әділет министрі<br>2025 жылғы 19 қыркүйектегі<br>№ 515 Тізбеге 4-қосымша<br>Қазақстан Республикасы<br>Әділет министрінің<br>2015 жылғы 10 қаңтардағы<br>№ 9 бұйрығына 31-қосымша<br>Қағаз нысаны

**жылғы "____" _______№ ________ Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы қалпына келтірілген акт жазбасы**

Неке бұзушылар туралы мәліметтер

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ері | | Зайыбы | | |

1. Неке (ерлі-зайыптылық)бұзылғанға дейінгі тегі _________ ____________
2. Неке (ерлі-зайыптылық)бұзылғанға кейінгі тегі _________ ____________
3. Аты _______________________ _____________________ ____________
4. Әкесінің аты (егер бар болса) _______________ _________________________
5. Туған күні "__" _________ жыл "___" ___________ жыл

Туған жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ ауданы |

6. Жасы _______________________ _________________________________
7. Азаматтығы _______________ ___________________________________
8. Ұлты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)

_______________________________ ________________________________

9. Тұрғылықты жері:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

10. Заңды мекенжайы:

| | |
|---|---|
| ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер | ____________Республикасы<br>____________облысы (және облыстық маңызы бар қала)<br>____________қаласы (ауыл, кент)<br>____________ауданы<br>____________көшесі<br>____________үй<br>____________ пәтер |

11 Білімі _______________________ _______________________________

12.Табыс көзі немесе жұмыс орны ___________________________ _______

13. Бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының неке (ерлі-зайыптылық) саны туралы мәліметтер __________________ ________________________

14. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акті жазбасының жасалған күні, нөмірі ________ жылы ______________ "____" № __________________

15. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді жүргізген тіркеуші органның, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы,

_______________________________________________

16. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға негіз болып табылатын құжат:

1) ерлі-зайыптылардың бірлесіп берген ____жыл "__" _______ № ______ өтініші;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқығы бар ерлі-зайыптылардың бірінің белгіленген тәртіппен берген _______ жыл "__" _______ № __________ өтініші;

3) _________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)__________ ауданы (қаласы)_______ сотының заңды күшіне енген ___ жыл "__" _______ __________ жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы шешімі;

4) _____облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала)________ ауданы (қаласы)___________ сотының заңды күшіне енген ____ жыл "__" _______ ______ жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;

5) _________ облысы (өлкесі, республикасы) (республикалық маңызы бар қала) _________ ауданы (қаласы) сотының ____ жыл "__" _____ қылмыс жасағаны үшін жұбайының кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімі;

6) сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң, қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысы.

17. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні _____ жыл "__" _____

18. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректемелері:

№ _________________________ № _____________________________

берілген күні ____ жыл "__" _____ ____ жыл "__" ____

берген мекеме _________________ _____________________________

19. Өтініш беруші туралы мәліметтер: ______________________________

20. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі

№ __________________________ № ______________________________

21. Неке қию туралы акт жазбасының бастапқы мемлекеттік тіркелген нөмір және күні________________________________________________________

22. Неке (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасын қалпына келтіру үшін негіздеме________________________________________________________

23. Белгілер үшін _________________________________________________

М.О. Тіркеуші органның бастығы.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 5-қосымша
"Қазақстан Республикасының
әділет органдарынан, азаматтық
азаматтық хал актілерін тіркеу және
өзге де мемлекеттік органдарынан,

сондай-ақ нотариустардан шығатын
ресми құжаттарға апостиль қою"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидасына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан түсетін ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
| 1. | Қызмет берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2. | Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері | 1) Мемлекеттік корпорация;<br>2) портал арқылы. |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері | Мемлекеттік корпорацияда - 2 жұмыс күні.<br>Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.<br>Порталда - құжаттарды апостильдеу күнін, уақытын тағайындау туралы хабарлама алу - 1 (бір) жұмыс күні;<br>портал арқылы өтініш түскен кезде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру - 1 (бір) жұмыс күні;<br>Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут;<br>Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде |
| | | 1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі "апостиль" мөртабаны бар құжат. Электрондық апостиль Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берген кезде уәкілетті мемлекеттік орган берген қауіпсіздік кодын қолдана отырып, апостильді жүктеу жолымен портал арқылы беріледі; |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | 2) көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатпен жүгінген жағдайда өтінішті карауды тоқтату туралы хат;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде, портал арқылы жіберген кезде электрондық түрде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты. |
| 6. | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері | Қазақстан Республикасы Салық кодексі 667-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін - 0,5 АЕК |
| 7. | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейін түскі үзіліс<br>2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні мереке және демалыс күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін;<br>Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, апостиль қоюға жататын құжаттар - Мемлекеттік корпорацияның кез келген филиалында экстерриториалдық қағидат бойынша (құжатты беру орнына қарамастан) жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;<br>3) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты |

| | | |
|---|---|---|
| | | аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Мемлекеттік корпорация:<br>1) Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша апостиль қоюға өтініш;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ( сәйкестендіру үшін);<br>3) апостиль қоюға жататын құжат (құжаттар түпнұсқаларда да, нотариалды куәландырылған көшірмелерде де апостиль қою үшін қабылданады);<br>4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (жеке тұлға) жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат); заңды тұлға атынан өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның басшысының немесе құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге де тұлғаның қолы қойылған және осы ұйымның мөрімен (бар болса) расталған сенімхат;<br>Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде берген немесе куәландырған және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген сенімхаттар арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу ) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (көшірмесімен сәйкестендіру үшін);<br>6) басқа мемлекеттік органдар берген құжаттардың қолының және мөр бедерінің үлгісі.<br>Портал арқылы жүгінген кезде:<br>1) ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда көрсетілетін қызметті алушының |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттардың тізбесі | ЭЦҚ-сымен куәландырылған немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық өтініш;<br>2) апостиль қоюға жататын құжат сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (жеке тұлға) жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат);<br>заңды тұлға атынан өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның басшысының немесе құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге де тұлғаның қолы қойылған және осы ұйымның мөрімен (бар болса) расталған сенімхат.<br>Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде берген немесе куәландырған және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген сенімхаттар арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу ) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (көшірмесімен сәйкестендіру үшін);<br>4) басқа да мемлекеттік органдар берген құжаттарға қол қоюдың және мөр бедерінің үлгісі.<br>Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері өзгерген жағдайда растайтын құжаттар қоса беріледі (шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген немесе куәландырған, арнайы куәлік (заңдастыру не апостильдеу ) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады.<br>Мұрагерлер жүгінген кезде растайтын құжаттар ұсынылады.<br>Қызметті берушілер цифрлық құжаттарды цифрлық құжаттар сервисінен іске асырылған интеграция арқылы, пайдаланушының порталда тіркелген ұялы байланысының |

| | | |
|---|---|---|
| | | абоненттік нөмірі арқылы порталдың хабарламасына бір реттік құпиясөз беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жолдау арқылы ұсынылған келісімі болған жағдайда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының бюджетке баж сомасын төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту негіздері | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен тыныс-тіршілігі шектелген мемлекеттік қызметті алушыға қажет болған жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне барып, Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы жүргізеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414, 8 800 080 7777 алады.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. |

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 6-қосымша
"Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"
қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет департаменттері (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып тіркелген) Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы шешім не аттестаттамау туралы шешім |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 12.00-ден 13.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш;<br>2) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | 1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 7-қосымша
"Адвокаттық қызметпен
айналысуға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру және қайта ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру;<br>2. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия қайта ресімдеу. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналасу құқығы үшін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 616-бабына сәйкес мыналарды құрайды:<br>1) лицензия беру кезінде 6 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 12.00-ден 13.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алу үшін:<br>1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші;<br>2) осы Тізбенің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны;<br>3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны қайта ресімдеу үшін:<br>1) "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | тізбесіне 3-қосымша сәйкес нысандағы өтініш;<br>2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынады |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсететін мекенжайлары көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | қызметті берушінің интернет-ресурсында:- www.adilet.gov.kz, порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай контакт-орталығынан алу мүмкіндігі бар<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 8-қосымша
"Нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткер
тұлғаларға аттестаттау жүргізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
1-қосымша

| "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет департаменттері (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| | | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | тізілімінде № 20774 болып тіркелген) Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы шешім не аттестаттамау туралы шешім |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | - өтініш;<br>- нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны;<br>- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. |
| | | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайда;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 515 Тізбеге 9-қосымша
"Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің қағидаларына
1-қосымша

| "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру және қайта ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру;<br>2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия қайта ресімдеу. | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www.egov.kz, www.elicense.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) лицензия беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналасу құқығы үшін лицензиялық алым<br>Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 616-бабына сәйкес мыналарды құрайды:<br>1) лицензия беру кезінде 6 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, алайда 4 айлық есептік көрсеткіштен аспайды. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерін |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмыс кестесі | қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында,<br>сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттар тізбесі | - өтініш;<br>- нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны;<br>- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайда;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www. adilet. gov. kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК